



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАББАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

# EURASIAN JOURNAL

OF PHILOLOGY: SCIENCE AND EDUCATION

2(194) 2024

С.А. Жиренов\* , Ж.С. Аширов Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*e-mail: Saken82@mail.ru

## ОРНИТОНИМДІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМАРКЕРЛІ БЕЙНЕСІ

Қазіргі лингвистикалық зерттеулердегі «тіл-этнос-мәдениет» сабақтастығы арқылы тіл иесі этноқауымдастықтың дүние құбылыстарына қатысты көзқарасының тілдік сипаты ерекше назарға алынуда. Осыған сәйкес қазақ тіліндегі орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдердің этномәдени семантикасының астарындағы этностың құстар әлемі мен ақиқат әлем туралы ойбейнесі өзара сабақтастыққа құрылады.

Зерттеудің мақсаты – тілдегі орнитонимдік фразеологизмдерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік аспектіде қарастыру арқылы ғалам бейнесінің әралуан фрагменттерін көрсету. Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық маңыздылығына келер болсақ, орнитонимдік фраземалар – этнос дүниетанымы, мәдениеті, менталитеті секілді күрделі категорияларды бойына жинақтаған лексикалық бірлік. Сондықтан мақалада лингвомәдениеттану, лингвокогнитология, фразеосемантика, этнолингвистика секілді ғылым салаларының мәселелерін қамтығандықтан, аталған ғылымдардың теориялық базасын толықтыруға, практикалық мазмұнын байытуға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының практикалық нәтижелерін антропоцентристік парадигма аясындағы жекелеген ғылыми пәдердің дәрістеріне, курстық және дипломдық жұмыстарға, дербес зерттеу жұмыстарының материалдарына пайдалану үшін қажетті саналады.

Орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін талдау барысында «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздіктеріндегі» (І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Г. Смағұлова) орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған тұрақты тіркестер жинақталып, оларға сипаттамалы, салыстырмалы, түсіндірмелі әдістер мен контекстік, лингвомәдени талдаулар кеңінен қолданылады.

Зерттеу жұмысында тілдегі орнитонимдік фразеологизмдер арнайы нысан ретінде алынып, антропоцентристік парадигма аясында теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылады. Зерттеу материалындағы орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фраземалардың ұлт тіліндегі этномәдени мұраны көрсетудегі мәні зор. Зерттеу жұмысындағы орнитонимдік фраземалардың этномәдени мәнінің сипатталуы мен қолданысынан «құс пен адам» арасындағы паралелді әлемнің сабақтастығы көрсетіледі.

Зерттеудің құндылығы мен практикалық маңыздылығы: Орнитонимдік фраземаларды зерттеу негізінен құс атауы мен ауыспалы мағыналарды көрсету ғана емес, этностың табиғат әлемінен ажыратуға келмейтін біртұтастығына бағытталады.

Зерттеу жұмысының басымдығы ретінде орнитонимдік фраземалардың пайда болуы мен қалыптасуы, мәдени семантикасы, қолданыс аясы, мағыналық өрісінің алуан түрлі аспектіде қарастырылуына басымдық беріледі. Орнитонимдік фразеологизмдерде этностың болмысы, мінез-құлқы, мәдениеті, дүниетанымы секілді атрибуттары жинақталып, адам санасында ғаламның орнитонимдік бейнесін тілдік бірліктер арқылы қалыптастырады. Сондықтан орнитонимдік фразеологизмдер этностың дербес ұлттық ерекшелігін, образды ойлаудағы танымдық әрекетін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** орнитоним, фразема, семантика, прагматика, этнос, мәдениет, әлем бейнесі, поэтика.

S.A. Zhirenov\*, Zh.S. Ashirov

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: Saken82@mail.ru

### The Image of Ethnic Markers of Ornithonyms in Phraseological Units

Current research focuses on linguistic nature of native speakers' views on ethnocommunity beliefs on phenomena in the world through continuity of «language-ethnicity-culture». The mental image lied under the subtext of phraseologisms' ethnocultural semantics created from ornithonymic components of

The goal of research: percept various fragments of worldview by considering ornithonymic phraseologisms in linguocultural, linguocognitive aspects. The practical significance: ornithonymic phrasemes are a complex lexical unit includes categories like ethnicity, worldview, culture, mentality. As the article considers problems of cultural and cognitive linguistics, phraseosemantics, ethnolinguistics, it influences on their theoretical base replenishment, practical content's enrichment.

Research's practical results will considered as useful tool for materials of lecture of the subject about anthropocentric paradigm; coursework; graduate work; independently conducted researches.

During the analysis of ornithonymic phraseologisms' ethnomarker image, indecomposable phrases created by using ornithonymic components were collected from «Phraseological Dictionaries of the Kazakh Language» (I. Kenesbaev, A. Kaidar, G. Smagulova) and studied by means of descriptive, comparative, explanatory methods through contextual, linguistic, cultural analysis.

The special object of study is ornithonymic phraseological units comprehensively examined from theoretical, practical side within anthropocentric paradigm. Parallel's continuity between worlds «birds and people» is shown through description, using ornithonymic phrasemes' ethnocultural meaning.

Research's value and practical significance is studying ornithonymic phrases focused not only on birds' conveying names, allegorical meanings, but also on ethnic group's unity that cannot separated from natural world.

Research's priority: considering origin and formation of ornithonymic phrasemes, their cultural semantics, scope of application, semantic field in various aspects. Ornithonymic phraseology accumulates such characteristics of an ethnos as character, behavior, culture, worldview, and through linguistic units forms human's ornithonymic worldview.

**Key words:** ornithonym, phraseme, semantics, pragmatics, ethnicity, culture, picture of the world, poetics.

С.А. Жиренов\*, Ж.С. Аширов

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: Saken82@mail.ru

### Этномаркерный образ фразеологизмов орнитонимов

В современных лингвистических исследованиях особое внимание уделяется лингвистической природе взглядов носителя языка на возрения этнообщины, явления в мире через преемственность «язык-этнос-культура». Мыслеобраз сформированный под подтекстом этнокультурной семантики фразеологизмов, созданных посредством орнитонимических компонентов казахского языка, основан на взаимной преемственности представлений этноса о мире птиц и реальном мире.

Цель исследования — познание различных фрагментов образа мироздания путем рассмотрения орнитонимических фразеологизмов в лингвокультурном и лингвокогнитивном аспектах. Научная и практическая значимость исследовательской работы: орнитонимические фраземы представляют собой лексическую единицу, включающую в себя такие сложные категории, как этнос мировоззрение, культура, менталитет. Поскольку в статье освещаются проблемы таких областей науки, как лингвокультурология, лингвокогнитология, фразеосемантика, этнолингвистика, то она способствует пополнению теоретической базы этих областей, обогащению их практического содержания.

Практические результаты исследования считается целесообразным использовать в материалах: лекций по отдельному научному направлению в рамках антропоцентрической парадигмы, в курсовых и дипломных работ, самостоятельно проведенных исследований.

В ходе анализа этномаркерного образа орнитонимических фразеологизмов из «Фразеологических словарей казахского языка» (И. Кенесбаев, А. Кайдар, Г. Смагулова) были собраны неразложимые обороты, сформированные от орнитонимических компонентов. Собранные фразеологизмы были всесторонне изучены с применением описательных, сравнительных, пояснительных методов посредством проведения контекстуального, лингвистического, культурного анализа.

В данной научной работе специальным объектом исследования являются орнитонимические фразеологизмы всесторонне рассмотренные с теоретической и практической точки зрения в рамках антропоцентрической парадигмы. В исследовательской работе непрерывность параллельности мира «птиц и людей» показана через описание, использование этнокультурного значения орнитонимических фразем.

Ценность и практическая значимость исследования: изучение орнитонимических словосочетаний ориентировано не только на донесение наименования птиц и их иносказательных значений, а также на единство этноса неотделимого от мира природы.

Приоритетом исследовательской работы является рассмотрение возникновения, формирования орнитонимических фразем, их культурной семантики, сферы применения и смыслового поля в различных аспектах. В орнитонимической фразеологии аккумулируются такие признаки этноса, как характер, поведение, культура, мировоззрение, и она через языковые единицы формирует орнитонимический образ мироздания в сознании человека.

**Ключевые слова:** орнитоним, фразема, семантика, прагматика, этнос, культура, картина мира, поэтика.

## Кіріспе

Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма «тіл – адам – табиғат» триадасына басымдық беру арқылы, тілтанымдық зерттеулердің аясын кеңейте түскендігі белгілі. Қазіргі тілтаным ғылымындағы тілдік бірліктерді адам факторымен сабақтастыруы, табиғат әлемінің бөлшектерімен өзара байланыстыра қарау арқылы рухани құндылықтар жүйесінің мазмұнын байыта түседі. Тілтанымдық зерттеулерде адами факторлар мен рухани құндылықтар жүйесіне ерекше басымдық беріліп, тіл иесінің когнитивтік санасындағы этникалық, мәдени, рухани, т.б. ерекшеліктеріне көңіл бөлінуде.

Тілдік бірліктердің ішіндегі фразеологизмдер – ұлт мәдениеті мен дүниетанымының көрнекті ретінде тіл білімінде біршама зерттелген сала. Академик І. Кеңесбаевтың: «Фразеологизмдердің құрылым жағынан қалыптасып, компоненттерінің тіркесу амалдарында бір заңдылық бар. Өмір талабынан туған фразеологизмдер талай дәуірдің елегінен өтіп, құрамы, жасалу тәсілі жағынан, мағынасы жағынан бір жүйеге түскен», – деген пікірінен тілдегі тұрақты тіркестердің қалыптасуы мен мағыналық мазмұны, қолданыс өрісі орныққандығын көрсетеді (Кеңесбаев, 2007: 601). Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын бірліктердің қатарына зоонимдер тірек болады. Табиғаттың бір бөлшегі саналатын зоонимдер қаншалықты бай болса, зоонимдер арқылы жасалған фразеологизмдер де өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді. Солардың қатарына тілдегі орнитонимдер арқылы жасалған фразеологиялық бірліктерді жатқызуға болады.

Орнитонимдік фразеологизмдер белгілі бір этностың мәдениеті мен дүниетанымынан, зоологиялық және географиялық түсінігінен хабардар ететін лексикалық бірлік. Орнитонимдік фразеологизмдер этностың мәдени менталдық ерекшелігін көрсететін, этномаркерлі болмысы мен салт-дәстүрінің айнасы болып табылады. Тілдегі фразеологизмдер поэтикалық образды сипатымен ерекшеленетін, даяр тұрған оралым ретінде қолданылатын, құрамындағы

компоненттер бұрыннан тіркесіп қойған қалпында жұмсалатын, орын тәртібі тұрақты категория. Фразеологизмдердің басты ерекшелігі олардың семантикалық қолданысы мен мәдени семантикалық өрісінен көрінеді. Фразеологизмдердің семантикасы туынды, астарлы, стилистикалық бояма, поэтикалық образды, экспрессивтік-эмоционалды сипаттарының қолданысы арқылы ерекшеленеді.

Қазақ мәдениетінде төрт түлік малдың орны қаншалықты жоғары болса, табиғаттың бір бөлшегі саналатын құстар әлеміне де ерекше бір ықыласпен қарағандығы белгілі. Алайда құс біткеннің бәрін қазақ халқы жақсы көрген деп айтуға келмейді. Құстардың әр алуан қасиеттері мен адамға тигізетін пайдасы, тиімділігі, сапалық қасиеттеріне қарай өзінің тұрмысына жақын құстар және тұрмысына жақындығы жоқ бейтарап құстар ретінде бөліп қараған. Сондай-ақ құстар әлемінің этнос дүниетанымындағы орнын жағымды құстар – бейтарап құстар – жағымсыз құстар деп топтастыруға болады. Алайда аталған топтастыруларға қарамастан орнитонимдердің басым бөлігі яки түгелге дерлік этностың материалдық және рухани мәдениетінен өзіндік орын алады. Орнитонимдік атаулар тілдік бірліктерге ұйытқы болып, фразалық тіркестерге, паремеологизмдерге, прецедентті мәтіндерге, фольклорлық мұраларға, антропонимдер мен топонимдерге, поэтикалық туындылардың жасалуына негіз болып, этностың дүниетанымынан, салт-санасы мен әдет-ғұрпынан, наным-сеніміне арқау болған. В.Н. Телия тілдегі фразеологизмдер мәдени белгілердің экспоненттері ретінде қабілетті екендігін, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени дүниетанымға синхронды түрде еніп қана қоймай, оның фрагменттерін ұрпақтан ұрпаққа табыстаушы ретінде жеке тілдік тұлғаның, сондай-ақ тілдік ұжымның дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетеді (Телия, 2003).

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бір бөлігі орнитонимдер арқылы жасалады. Этностың мәдени тұрмысындағы орнитонимдік фразеологизмдер тұлға тұрақтылығы, тіркестің тиянақтылығы, мағына тұтастығы секілді фразео-

логизмдерге тән қасиеттерге толық негізделеді. Орнитонимдік фразеологизмдер табиғатына тән, «тұрақты сөз орамдарының мәдени ұлттық мағынасында халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» (Уәлиұлы, 2009: 39).

«Адам – Табиғат – Қоғам» арасындағы қатынасты үздіксіз үдерістен тұратын динамикалық құбылыс. Табиғаттың ажырамас бір бөлшегі саналатын зоонимдер мәдени-танымдық мәліметтерге бай болғандықтан, оларды антропоцентристік парадигма аясында лингвистикалық аспектіде зерттеу өзекті мәселе. Қазақ тіліндегі орнитонимдер қай дәуірде болмасын этностың мәдени болмысы мен дүниетанымын көрсететін, әлеуметтік, этникалық, зоологиялық, философиялық, теологиялық болмысын көрсететін бірлік. Осы жағынан келгенде орнитонимдік фразеологизмдерді этностың болмысын көрсететін, заттық және рухани-мәдени өмірінің айнасы, ұлт дүниетанымында өзіндік орны бар, тілдік қолданыстағы жиілігі жоғары, мифология, теологиялық, сакралдылық, мистикалық мәнділігі бар категория болғандықтан этномаркерлі сипатқа ие бірлік деп тануға болады. Тілдік бірліктердегі этномаркерлі бейне – этностың тарихи-мәдени жолының тілде сақталған көтсеткіші, этнос дүниетанымына тән салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, жол-жоралғылар, өлең-жырлар, аңыз-әпсаналар, жыр-дастандар мен хикаяттар, паремеологизмдер, фразеологизмдерде ізі қалған категорияларды жатқызуға болады. Этномаркерлі бейнеде ұлтқа тән ұғым-түсініктердің бедері тілдік деректер арқылы сақталады.

Адам баласының тұрмыстық өмірі мен рухани әлеміндегі белгілі бір заттың құндылығы әр ұлттың дүниетанымына сәйкес әркелкі бағаланады. Құстар әлемі адамзат баласына ортақ құндылық ретінде саналғанымен, олардың ішіндегі этностың мәдениетіне, тұрмысына, салт-санасына, менталитетіне ең жақыны бо-

лады. Сол жақындықтың өлшемі тіл арқылы көрінеді. Яғни, ұлт дүниетанымына жақын құстар тілдік бірліктердегі қолданысының жиілігі, мағыналық қатпарының қуаттылығы, философиялық мәнділігі арқылы этномаркерлі сипатқа ие болады. Мәселен, орнитонимдердің этномаркерлі бейнесінің бедері фразеологизмдерде анағұрлым жиі көрінеді. Қазақ тіліндегі орнитонимдер арқылы жасалған фразеологизмдер фразеологиялық қордан біршама орын алады. Демек, этностың дүниетанымы мен этникалық болмысын тек таза тілдік деректер негізінде ғана емес, «тілден тыс» бірліктер орнитонимдер арқылы да ұлттың болмысы мен мәдениетін, тілдік қолданысынан айқындауға болады.

Жалпы зоонимдерді лингвистикалық аспектіде зерттеу мәселесі біршама жолға қойылған. Зоонимдер – тілдің лексикалық жүйесінен өзіндік орын алатын, сандық қатары мол, сапалық сипаты жоғары, тура және ауыспалы мағынада қолданылатын, поэтикалық образды мәтіндерге жиі арқау болатын, жалпылауыш мәнде қолданылатын бірлік. Тілдегі зоонимдер жалпы мақұлқат (жануарлар мен хайуанаттар) атауларын білдіретін терминдік дифинициясы тұрғысынан әмбебап атау. Жануарлар мен хайуанаттар әлемі зоологиялық түрлері мен ерекшеліктеріне қарай бірнеше жікке бөлінсе, лексикалық атауы тұрғысынан да көптеген түрге бөлінеді. Мәселен, тілдегі зоонимдер өз ішінен киноним (иттер атауы), орнитоним (құстар атауы), гиппоним (жылқы атауы), камеллоним (түйе атауы), фелисоним (мысық атаулары), инсентоним (жәндіктер атауы), бизонтоним (бизон атауы) секілді көптеген салалық түрлерге жіктеледі. Бұлардың әрбіреуінің зоологиялық болмысы мен табиғи ерекшеліктері бар болса, тілде де олардың өзіндік мағыналық мазмұны мен қолданыс ерекшеліктері бар. Аталған зоонимдік бірліктердің ішіндегі орнитонимдердің фразеологизмдердегі доминанттық сипаты мен компоненттік мазмұнын арнайы зерттеу материалы ретінде қарастырып, орнитонимдік фразеологизмдердің семантикалық мазмұнының астарындағы мәдени, этнографиялық, когнитологиялық, тарихи, прагматикалық сипаттарын қарастыру көзделеді. Тілдегі «зоонимдердің қолданысы мен олардың түрлері яки орнитонимдер әлемнің барлық тілінің сөздік қорында бар категория. Олар тек әлем тілдерінің сөздік қорынан ғана орын алып қоймайды. Сол ел мәдениеті мен дүниетанымында ерекше орын алатын мәдени-танымдық көрсеткіш ретінде де саналады» (Usmanova, 2022: 34).

Қазақ тіліндегі орнитонимдік фраземаларды этномәдени аспектіде мақсатты түрде зерттеу барысында орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологиялық бірліктер алынады. Бұған себеп – этностың орнитонимдерге (күстар әлеміне) деген дүниетанымдық көзқарасы, орнитонимдердің сапалық қасиеті туралы мәдени және психологиялық түсініктерінің тілде бекіген аялық білімінің күндақталған мазмұнының астарындағы этномәдени семантиканы ашуға түрткі болды. Орнитонимдік фразеологизмдер этностың атадан балаға мұра боп жеткен материалдық және рухани құндылығы саналады.

Орнитонимдік фразеологизмдер белгілі бір этноқауымдастықтың когнитивтік санасындағы тарихи тіршілігі мен өмірлік тәжірибиесін, әлеуметтік-қоғамдық түсінігі мен табиғатпен тамырластығын, зоологиялық дүниетанымы мен мәдени болмысын көрсетеді. Орнитонимдік фраземалардың ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени құндылықтар жүйесі күндақталып (кодталып), кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге тілдік дерек (аксиологиялық құндылық) ретінде жалғастығы сақталады. Яғни, этностың өмірімен тікелей байланысты болған орнитонимдік фраземалар – тілдік этномәдени ақпараттар мен рухани құндылықтар жүйесінің құрамдас бөліктері ретінде тілдік дерек болып табылады. Өйткені орнитонимдік фраземалардың мазмұны мен мағыналық қолданысында, семантикалық құрылымында, ішкі формасы мен сыртқы формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында этностың сан ғасырлық дүниетанымдық, қоғамдық, тарихи, зоологиялық, тұрмыстық мәдени тәжірибесі бекітіледі.

Тілдегі орнитонимдердің құрылымдық ерекшеліктері мен семантикалық мазмұнында этнос дүниетанымындағы орнитонимдік әлемнің болмысын сипаттайтын ақпаратты анықтау, мәдени семантикалық қолданысындағы тіл мен этнография, этномәдениеттегі орнитонимдерге қатысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар мен аңыз-әпсаналар, фразеологизмдер мен паремологизмдер мазмұнынан этнос дүниетанымындағы ерекшелігін көрсетуге болады.

### Материалдар мен әдістер

Орнитонимдік фраземалар – этностың табиғатпен тұтастығын, заттық мәдениетінің көрсеткішін, рухани әлемінің бар байлығын бойына жинақтаған бірлік. Осындай мәдени семантикасы күшті мазмұны терең орнитонимдік

фразеологизмдерді прагматикалық қолданысы мен семантикалық болмысына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Г.Смағұлова: «фразеологизмдердің тақырыптық топтарын сөздердің тақырыптық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі, аздық етеді. Мұның өзі фразеологизмдердің үнемі сөздердің дублеті немесе эквиваленті деуге болмайтынын аңғартады. Шын мәнінде фразеологиялық тұлғалар өзіндік дербес мағынасымен ерекшеленіп, қызметімен өзгешеленеді. Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымына атау бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалды экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі» де өзара мағыналас фразеологиялық қатарларды тілдегі антропоэзектік парадигма тұрғысынан 13 түрлі фразеосемантикалық топтарға жіктесе (Смағұлова, 2018: 54-55), ғалымның аталған жіктемесіне сәйкес тілдегі қазақ тіліндегі киноморфозимдерді зерттеген С.Бектемирова «ит» сөзімен байланысқан фраземаларды семантикалық өрісіне қарай: адам табиғатына, болмысына қатысты фраземалар; әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыс-тіршілігіне қатысты фраземалар; өлшемдікке қатысты фраземалар; табиғат құбылысына қатысты фраземалар; қарғыс, наным-сенімге қатысты фраземалар деп бірнеше топқа топтастырады (Бектемирова, 2005: 47). Академик Ә. Қайдардың төрт томдық этнолингвистикалық сөздігінің «Табиғат» атты III томында күс атауларының 389 тілдік бірліктің түзілімі беріліп, олардың әрбіреуінің өз ішінен бірнеше түрге жіктелетіндігі көрсетіліп, олардың жекелеген мағыналық түсіндірмелері жасалған (Қайдар, 2013: 409).

Тілдік қолданыстағы орнитонимдік фразеологизмдерді жоғарыдағы ғалымдардың топтастыруларын басшылыққа ала отырып, этнос дүниетанымындағы ерекшелігі мен мәдени тұрмысындағы орнитонимдік сөз орамдарын семантикалық өрісі мен қолданыс аясы бойынша топтастыруға болады. Тілдегі орнитонимдердің номинативтік (лексика-семантикалық) мағынасымен қатар, ауыспалы мағынада (фразеологиялық байлаулы, синтаксистік шартты), символдық мәнде, коннотативтік мағыналардағы қолданысы арқылы этностың когнитивтік санасындағы әлемнің орнитонимдік бейнесін қалыптастырады. Осыған сәйкес зерттеу ма-

териалы ретінде жинақталған орнитонимдік фразеологизмдерді семантикалық қолданыс өрісіне қарай адам болмысын/характерін білдіретін фраземалар (*ауызымен құс тістеген*); әлеуметтік тұрмыстық өмірін бейнелейтін фраземалар (*мойыны арғайдай, биті торғайдай*); өлшемдікке білдіретін фраземалар (*құс қанаты талатын*); туыстық қатынасты білдіретін фраземалар (*қарға тамырлы қазақ*); дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар (*бақ құсы қонсын!*) деген секілді семантикалық топтарға топтастыруға болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін көрсету барысында диахрондық-синхрондық сипаттау, салыстырмалы-салғастырмалы, жүйлеу, топтау әдістерімен қатар, компоненттік, мәдениесе-мантика, контекстік, этнолингвистикалық, дефиниционалдық, қорыту секілді талдау әдістері қолданылады. Соның нәтижесінде орнитонимдік фразеологизмдердің қоршаған ортадағы орны мен этнос мәдениетіндегі маңыздылығына тілдік тұрғыдан баға беру, мәдени мазмұнын сипаттау арқылы этностың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын көрсету көзделеді.

### Әдебиеттерге шолу

Жалпы тілдегі зоонимдердің зерттелу мәселесі түркология мен қазақ тіл білімінде Н.К. Дмитриевтің «О тюркских элементах русского словаря», А.М. Щербактың «Историческое развитие лексики тюркских языков», Т. Дүйшенәлиеваның «Киргизское народные термины животноводства», Э.Ф. Ишбердиннің «Некоторые названия животных и птиц в башкирском и монгольском языках», Т. Ходжамбердиеваның «Животноводческая лексика узбекского языка», З.Р. Садыкованың «Зоонимическая лексика татарского языка», Т.Бегжановтың «Заметки об этимологии некоторых скотоводческих терминов каракалпакском языке», Ә. Жақыповтың «Термины верблюдоводства казахского языка», Ш. Жанәбіловтің «Қазақша мал атаулары», С. Сәтенованың «Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке», Б.Қ. Тлепиннің «Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты», Т.В. Линконың «Зоонимы в казахском и русском языках», Р.З. Панзарбекованың «Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы»,

Б. Тоқтағұлдың «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы», С.Б. Бектемированың «Қазақ тіліндегі киноморфозимдер», Н. Айтбаеваның «Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты», Ж. Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі», Қ.С. Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобы тілдері материалы негізінде)», Х. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк», Ж. Бабалықовтың «Мал ауруларының қазақша атаулары», А.Б. Кусайнованың «Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимдердің этнолингвистикалық ерекшеліктері» т.б. көптеген зерттеулерде зоонимдер әралуан аспектіде қарастырылған.

Тілдегі орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдер қазақ немесе түркі тілдеріне ғана тән емес, әлемдік тілдердің басым бөлігіне қатысты лексикалық единица. Сөздік қордағы орнитонимдік фразеологизмдер жалпы тіл біліміндегі лингвистиканың өзекті мәселесі саналады. Орнитонимдік бірліктерге қатысты халықаралық ғылыми басылымдарда «құстар әлеміне» деген лингвистикалық қызығушылықтың көптігі әлемдік ортақ дүниетанымдық әрекет екендігін көрсетеді. Мәселен, N.R. Makhmudova «Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages» атты мақаласында «құстардың атауы әлем тілдерінің сөздік құрамынан қомақты орын алып, тілдік қолданысындағы маңызды әрі белсенді бөлігі» екендігін көрсетеді (Makhmudova, 2020: 44). «Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations» зерттеу мақалада орнитонимдердің қолданысына жаңа бір қырынан келіп қарастырылады. Онда: «орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдерге лингвистикалық талдау жасала келе, орнитонимдік фразеологизмдер әлеуметтік желілердегі қолданысының да активтенуіне назар аударылады» (Sakhbullina, 2013: 3). «National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language» атты зерттеу материалында «ағылшын-қазақ тілдеріндегі орнитонимдер арқылы жасалған фразеологизмдер ұлттық-мәдени ерекшелікті көрсететін бірден-бір категория екендігіне салғастырмалы зерттеулер жүргізіліп, ұлт мәдениетіндегі құстардың орны көрсетіледі»

териалы ретінде жинақталған орнитонимдік фразеологизмдерді семантикалық қолданыс өрісіне қарай адам болмысын/характерін білдіретін фраземалар (*ауызымен құс тістеген*); әлеуметтік тұрмыстық өмірін бейнелейтін фраземалар (*мойыны арғайдай, биті торғайдай*); өлшемдікке білдіретін фраземалар (*құс қанаты талатын*); туыстық қатынасты білдіретін фраземалар (*қарға тамырлы қазақ*); дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар (*бақ құсы қонсын!*) деген секілді семантикалық топтарға топтастыруға болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін көрсету барысында диахрондық-синхрондық сипаттау, салыстырмалы-салғастырмалы, жүйлеу, топтау әдістерімен қатар, компоненттік, мәдениесе-мантика, контекстік, этнолингвистикалық, дефиниционалдық, қорыту секілді талдау әдістері қолданылады. Соның нәтижесінде орнитонимдік фразеологизмдердің қоршаған ортадағы орны мен этнос мәдениетіндегі маңыздылығына тілдік тұрғыдан баға беру, мәдени мазмұнын сипаттау арқылы этностың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын көрсету көзделеді.

### Әдебиеттерге шолу

Жалпы тілдегі зоонимдердің зерттелу мәселесі түркология мен қазақ тіл білімінде Н.К. Дмитриевтің «О тюркских элементах русского словаря», А.М. Щербактың «Историческое развитие лексики тюркских языков», Т. Дүйшенәлиеваның «Киргизское народное термины животноводства», Э.Ф. Ишбердиннің «Некоторые названия животных и птиц в башкирском и монгольском языках», Т. Ходжамбердиеваның «Животноводческая лексика узбекского языка», З.Р. Садыкованың «Зоонимическая лексика татарского языка», Т.Бегжановтың «Заметки об этимологии некоторых скотоводческих терминов каракалпакском языке», Ә. Жақыповтың «Термины верблюдоводства казахского языка», Ш. Жанәбіловтің «Қазақша мал атаулары», С. Сәтенованың «Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке», Б.Қ. Тлепиннің «Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты», Т.В. Линконның «Зоонимы в казахском и русском языках», Р.З. Панзарбекованың «Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы»,

Б. Тоқтағұлдың «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы», С.Б. Бектемированың «Қазақ тіліндегі киноморфозимдер», Н. Айтбаеваның «Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты», Ж. Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі», Қ.С. Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобы тілдері материалы негізінде)», Х. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк», Ж. Бабалықовтың «Мал ауруларының қазақша атаулары», А.Б. Кусайнованың «Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимдердің этнолингвистикалық ерекшеліктері» т.б. көптеген зерттеулерде зоонимдер әралуан аспектіде қарастырылған.

Тілдегі орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдер қазақ немесе түркі тілдеріне ғана тән емес, әлемдік тілдердің басым бөлігіне қатысты лексикалық единица. Сөздік қордағы орнитонимдік фразеологизмдер жалпы тіл біліміндегі лингвистиканың өзекті мәселесі саналады. Орнитонимдік бірліктерге қатысты халықаралық ғылыми басылымдарда «құстар әлеміне» деген лингвистикалық қызығушылықтың көптігі әлемдік ортақ дүниетанымдық әрекет екендігін көрсетеді. Мәселен, N.R. Makhmudova «Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages» атты мақаласында «құстардың атауы әлем тілдерінің сөздік құрамынан қомақты орын алып, тілдік қолданысындағы маңызды әрі белсенді бөлігі» екендігін көрсетеді (Makhmudova, 2020: 44). «Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations» зерттеу мақалада орнитонимдердің қолданысына жаңа бір қырынан келіп қарастырылады. Онда: «орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдерге лингвистикалық талдау жасала келе, орнитонимдік фразеологизмдер әлеуметтік желілердегі қолданысының да активтенуіне назар аударылады» (Sakhbullina, 2013: 3). «National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language» атты зерттеу материалында «ағылшын-қазақ тілдеріндегі орнитонимдер арқылы жасалған фразеологизмдер ұлттық-мәдени ерекшелікті көрсететін бірден-бір категория екендігіне салғастырмалы зерттеулер жүргізіліп, ұлт мәдениетіндегі құстардың орны көрсетіледі»

(Kalimbetov, 2023: 243). Ғылыми кеңістіктегі көптеген орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдердің табиғатына зер салатын болсақ, орнитонимдік фразеологизмдер этноқауымдастық өкілдерінің құстар әлеміне деген ықыласының ерекшелігі тілдегі тұрақты тіркестер арқылы берілетіндігін байқауға болады. Демек, құстар әлеміне деген адамзат баласының түсінігінде біршама жағдайда ортақтық бар болса, біршама жағдайда мәдени түсініктің өзіндік этномаркерлі ұлттық ерекшеліктерін де көруге болады.

Тілдегі зоонимдік бірліктер түркологиялық және қазақ тіліндегі материалдардың негізінде біршама қарастырылған. Зоонимдер арқылы жасалған тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігі мен әлем бейнесіндегі қабылдануы, мағыналық-құрылымдық сипаты, лексика-семантикалық классификациясы, туыстас түркі тілдері мен туыстығы алшақ тілдердегі болмысы деген мәселелер тіл мен мәдениет сабастығы аясында әралуан аспектіде зерделенген. Зоонимдер тек тілдік деректер тұрғысынан ғана емес, археологтар мен тарихшылар, антропологтар, мәдениеттанушылар, этнографтар тарапынан да әралуан ғылым салаларының аспектілерінде зерттелу арқылы да зоонимдер туралы мәдени ақпараттарды байыта түскендігі белгілі. Зоонимдік бірліктерді «Адам – Қоғам – Табиғат» макротоптық жүйесін антропоцентристік парадигма аясындағы зерттеулерде интеграциялық сипатқа басымдық беріледі. Тілдегі зоонимдік бірліктердің тақырыптық-мағыналық, мәдени-семантикалық, этномәдени код пен зоонимдік кодтың байланысы, лексико-семантикалық тұрғыдан мағыналық-құрылымдық топтастырулар лингвистикалық негіздемегі сүйенеді. Зоонимдердің тіл арқылы таңбалануы «тіл мен этностың» сабақтастығына бағыттталып, тілді мақұлқатпен өзара сабақтастықта қараған зерттеулерге ұласуы «тілмен ұлттың біртұтастығына» негізделген үдерістің өміршендігі деп санауға болады.

Этностың астрономиялық әлеммен оның құрамдас бөліктері құстар туралы дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы тілдегі орнитонимдік фразеологизмдердің болмысында сақталып, рухани және ұлттық құндылық ретінде танылады. Орнитонимдік фразеологизмдер – тілдегі құс атаулары негізінде жасалған қарапайым сөз орамдары ғана емес, этностың табиғатпен етене жақындығының тілдік көрсеткіші, образды ойлауының поэтикалық бедері, этномәдени түсінігінің мағыналық түсіндірмесі саналады.

Олай болса орнитонимдік фразеологизмдерді жинақтау, этномәдени талдау жасау, ұлттық сөздік қорды байыту мен тіл табиғатының бойындағы лингвомәдени, лингвокогнитивтік, лингвопрагматикалық, лингвопсихологиялық, лингвоакциологиялық секілді аспектілердің мәнін көрсетуге болады.

### Нәтижелер мен талқылау

Қазақ халқының орнитонимдік әлемді танып білуі, табиғаттың ажырамас бөлшегі құстарға деген көзқарасы күнделікті тұрмыстық өміріндегі сөз қолданысынан көрінеді. Этностың құстар туралы мәдени түсінігі мен көзқарасы орнитонимдік фразеологизмдерде ерекше орын алады. Бұл мәселеге қатысты академик Ә. Қайдар: «Фразеологизмдердің көпшілігі адамға сәйкес ерекшеліктері бар жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әр түрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлықтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақты және ұқсастықты таба алады» – деген байлам жасайды (Қайдар, 2011: 215).

Орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін қарастырғанда, этностың табиғат туралы түсінігі, орнитонимдер туралы аялық білімі, әлем туралы ойлау жүйесі, ұжымдық санасындағы танымдық-ақпараттық және эстетикалық категорияларының тілдік таңбалармен көмкеріліп жататындығы көрсетіледі. Мысалы, *аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты* (меңіреу тыныштықтың орнауы, этностың ойлау жүйесінде аспандағы құс екеш құстың көзге көрінбеуі, аспанда қылықтап, қанат қағып ұшпауы, сары даланың ұлп еткен сары желіне дейін еспеуі, өлі тыныштықтың орнауы табиғат құбылыстарымен салыстырыла параллель суреттеулер арқылы берілуі этникалық дүниетанымның ерекшелігін көрсетеді. Этнос дүниетанымындағы тыныштықтың орнауына «құс пен желдің» тірек болуы, тіл арқылы бейнеленуі объективті метафизикалық шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және танымдық әрекеттер нәтижесінде туындай келіп,

образды суреттеулер арқылы ойға жеңіл суреттеулер арқылы беріледі); *аузымен құс ұстап отыр* (ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеудің мағыналас варианты ретінде, елді бір өзі билеп, жұртты бір өзі жусатып, өргізіп отырған «билеуші, басқарушы» образын жасау үшін қолданылады. Аузымен құс ұстау қолы ұзын адамның мүмкіндігінің көрсеткіші аспандағы құстың да ұшып құтыла алмайтындығы, көктегі құсты аузымен ұстап, жердегіні желкесінен түйіп ұстау құдыретінің адамға немесе әлеуметке бағыттала айтылатындығын көрсетеді. Басқарушылық, әкімшіл-әміршілдік қуатының күштілігі «аспанға ұшсаң аяғыңнан тартып алам, жер астына түссең қазып алам», ұшып та қашыпта шеңгелімнен шыға алмайсың деген мағынада жұмсалады. Басқарушы портретін сомдайтын бұл тіркестің этномәдени мағынасы аспандағыны аузымен ұстап, жердегіні бір шыбықпен жусатып, өргізуін құс компоненті қатысқан фраземалар арқылы білдіреді); *аузымен құс тістеген* (этнос дүниетанымында жылқының желден жүйрік, қиялдан бетер ұшқырлығын суреттеуде қолданылады. Жүйрік сәйгүліктің шабысын суреттегенде қабырғасында қанат бар, құстай ұшқыр, желдей жүйрік, аузымен құс тістеген деген тіркестер арқылы әсірелеп жұмсау кең тараған қолданыстардың қатарына жатады); *бақыт құсы/бақ құсы* (ауыспалы мағынадағы адамға қаратыла айтылатын тіркес. Өмірлік жұбын тапқан, отбасын құраған ер адамның өз теңін табуын бақыт құсын қолына қондырды деген мағынаны білдіреді. Бақ құсынды бағала деп ер азаматтың жарын бақыт құсы / бақ құсына теңейді. Ер азаматтың өмірлік сыңарын табуы қолына бақыт құсын қондырды немесе сыңар аққуын тапты деп те ауыспалы мәнде түсіндіріледі. Этнос дүниетанымында әйел затын бақыт құсы / бақ құсы деп тану, бар бақыттың басы да, байлықтың көзі, несібенің өзі әйел затының феникс құсқа теңеу қалыптасқан яки орныққан этникалық ұжымдық стеротип саналады). Яғни, «тілдегі белгілі бір аң, жануар, құс туралы ұғымдар халық танымында қалыптасып, ұлттық таным мәдениет стеротиптеріне айналады, этностың, жеке тілдік тұлғаның аялық біліміне енеді» (Тілеубердиев, 2007: 162).

Орнитонимдік фразеологизмдердің қалыптасуына адам санасындағы орнитонимдік бейнелі ұғым-түсініктер ықпал етеді. Тілдегі орнитонимдік фраземалардың қалыптасуына құстардың этнос мәдениетіндегі орны, ұлт өміріндегі маңызы, құстардың сыртқы түрпаты, мінез-құлқы мен іс-әрекеті туралы

деректер жинақталып, этнос мәдениетіне сай орнитонимдік фраземалардың туындауына түрткі болады. «Халықтың рухани творчествосының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның құдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік накышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс табады» (Авакова, 2002: 57-58).

Орнитонимдік фразеологизмдердің этномәдени семантикасында поэтикалық образдылық, эмоционалды-экспрессивтілік, ауыспалы көркемдеуіш тәсіл, коннотативтік мән, астарлы ой жүлгесі ашық та жасырын беріледі. Орнитонимдік фразеологизмдер мағыналық жағынан контекске қарай адам болмысын, дүниенің әр алуан құбылыстарын, табиғат ерекшеліктерін поэтикалық образды түрғыдан суреттеуге негізделеді.

Орнитонимдік фразеологизмдер көркем бейнелі мазмұнға ие, эмоциялық әсері күшті, астарлы ойды, ауыспалы мәнді білдіретін бірлік. Орнитонимдік фраземалардың коннотациялық сипаты мен стилистикалық боямасы, семантикалық қолданыс аясына қарай бірнеше мағыналық топтастырулардан тұрады. Олар: адам болмысын, дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар; әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар; өлшем мәнді білдіретін фраземалар; туыстық қатынасты білдіретін фраземалар; дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар. Осы аталған орнитонимдік фраземалардың қолданыс өрісіндегі мағыналық топтастырулардың әрбіреуіне теориялық және практикалық түрғыдан жеке тоқталып, этномәдени семантикалық өрісі мен мағыналық мазмұнына зер салып, этномәдени кодын былайша ашып көрсетуге болады.

*Адам болмысын, дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар.* Тілдік қолданыстағы орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдердің басым бөлігі адам болмысы мен дүниетанымдық әлемін, адамның әралуан сапалық қасиеттерін, мінез-құлқын, адами келбетін, жақсы-жаман әрекеттерін суреттеуге негізделеді. Адам баласы құсқа тән ерекшеліктерді адамға телу арқылы жанды зат иелерінің ортақ қасиеттері мен ұқсас

ерекшеліктерін табиғаттың тылсым сырымен байланыстырады. Адам болмысы табиғи жаратылысы мен туа біткен қасиеті, индивидуалды психологиялық ерекшелігіне сәйкес күрделі феномен саналады. Ал адамның осындай ерекшелігін индивидтің образды ойлауынан туған дүниетанымдық фраземалар арқылы ғана түсіндіруге болады. Мәселен, *қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ* (бұл фраза тура және ауыспалы мағынада қатар қолданылатын поэтикалық образды тіркес. Тура мағынасындағы ақ сұңқар құстың қанаты қайырылып, майып болуы, топшысынан жаралануы күнделікті тұрмыстық өмірде орын алатын келеңсіз әрекет саналса, жақсы аттың аяғынан қалуы, тұяғын «тасқа» ұруы ақиқат әлемде кездесетін жағдаят саналады. Ауыс мағынада сұңқар секілді, тұлпар тектес адамның «төрт дүниесі түгел», «кұбыласы тең» бола бермесі белгілі. Құс төресі сұңқарға баланған азаматтың ақиқат өмірде «қанаты мен тұяғының» бүтіні бола бермейді. Образды түрде айтқанда «бір кем дүние»); *қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай* (ел ішінде кең тараған ауыспалы мәнде жиі қолданылатын тіркес. Тілдегі тұрақты тіркестер бастапқы тура мағынасының негізінде ауыспалы мәнге ие болатындығы белгілі. Бастапқы тура мағынасы құстардың өз балапанын қорғауы, қоректендіруі, асыруы, бағуы, баптауына, қарлығаш секілді аузымен жем тасуының негізінде туындаған тіркес. Ал ауыспалы контекстік қолданыстағы мағынасында құс біткен өзінің балапанын «қызғыштай қорыса», адамның өз баласын асырауы, бала үшін «күндіз күлкісіз, түнде ұйқысыз» күндерді өткізіп барын салып еңбектенуі, тер төгуі мәпелеуі құстардың әрекетімен тікелей салыстырылады. Құстың бойындағы еңбекқорлық, мейірбандық, балажандылық, т.б. қасиеттер адамға тән екендігі поэтикалық түрде бейнеленген); *саясы жоқ дараққа бұлбұл қонбайды* (дарақ қазақ ұғымында қастерлі ағаш саналады. Ал сол дарақтың саясы болса қасиеті арта түседі. Егер жанға сая боларлық панасы болмаса парқы болмайды. Дарақтың пана боларлық саясы болмаса, бұлбұлда оған қонбайтындығы ауыспалы мағынада қолданылады. Дарақтың қасиеті бұлбұл қонарлық панасы, адамға оның саясы арқылы қадірі артады), *құс ұйқы* (құс секілді ұйқысы аз адамға қарата айтылады. Құстың бойындағы аз ұйықтап, көп ұшатындығын білген ұлт өкілдері құстың осы бір қасиетін адам бойындағы ерекшелікке қарата айтады) деген фразалық тіркестердің этномәдени се-

мантисынан адам баласының жаратылысы мен туа бітті болмысына тән ерекшеліктерді құстардың болмысымен байланыстыру этностың дүниетанымдық ерекшелігін көрсетеді.

Орнитонимдік фраземалардың қолданысынан құс атаулары негізінде *құстай ұшты* (ұшқыр, жүйрік), *қаршыға көзді* (көзінің өткірлігі), *қаз мойынды // аққу мойын* (әдемілік, сымбаттылық, кербездік), *аузымен құс тістеген // аузымен құс ілген* (желден жүйрік, құстай ұшқыр), *торғай қаққан тарыдай* (ала құлалық), *қырғи қуған торғайдай* (жан сауғалау, тоз-тозы шығу), *аққудың көгілдіріндей* (нәзіктік, әдемілік, мамықтық), *жем тасыған қарлығаштай* (еңбекқорлық), *қызғыштай қорыды* (қызғану, күзету, қору), *адасқан құдай қайырылды* (жападан жалғыз қалу), *ақ сұңқар* (ер азаматтың баламасы), *балапан құстай оңдалды* (талап-танды, оңдалды), *жапалақ ұшпас* (жапан дала, құлазыған қу дала), *жүнін жүлған тырнадай/ тауықтай* (ұсқыны қашқан, сиқы кеткен), *жібек баулы қырандай* (алғыр құс сияқты, қиынға барар әрекеті туралы айтылған) секілді тіркестер теңеу мәнді сипат алып, адам мен хайуанаттарға қарата қолданылады. Орнитонимдік фраземалар теңеу мәнді сипат алып, қолданысқа енуі этностың аспан әлемі мен жер әлемін байланыстырушылардың арасындағы сабақтастықтың тілдік көрсеткіші саналады. Орнитонимдік фразеологизмдер – этномәдени семантикасында астарлы мазмұн, образды ой, поэтикалық көркемдікке ие болады. Осы ойдың дәлелі ретінде А. Дыбо: «В зониме закодированы ключевые культурные, психологические, социальные и ментальные черты, которые характеризуют конкретное языковое сообщество и его культуры» – деген тұжырымынан орнитонимдік фразеологизмдерде этнос мәдениетінің дүниетанымдық көрсеткіші жатқандығын көрсетеді (Дыбо, 2009).

Орнитонимдік фраземалардың ішіндегі адам болмысымен дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар сандық және сапалық жағынан басымдық ие. Өйткені этностың күн көрісін, тарихы мен мәдениетін, дүние туралы түсінігін, өмірдің әр алуан құбылыстарын бағамдауы мен эстетикалық әлемін көрсетуге келгенде орнитонимдік фраземалардың белсенділігі жоғары. Мәселен, тілдегі *бұтаққа құс қонар, мақтаулыға сөз қонар; сұңқар қарға болмайды; әр құс өз үнімен сайрайды, әр гүл өз түсімен жайнайды; ақсұңқар қонған тұғырға қарға қонса – зорлық-ты; ит жүгіртіп, құс салды; көзден бұлбұл ұшты; көңілдің құсы ұшты*, т.б.

тіркестер орнитонимдерге қатысты үшқырлық, өткірлік, батылдық, өншілік, жасықтықпен қатар әралуан жол-жоралғылар мен салт-дәстүрлерді, дүниетанымдық әлемін, табиғи болмысын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени ерекшелігін көрсететін көркем салыстырулар мен теңеулер, метафоралар мен метонимиялар, орнитонимдік айшықты сөз орамдарына арқау болып этнос дүниетанымындағы мәдени мәнділіктерді білдіреді.

*Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар.* Сөз болмысына бірнеше қызмет тән. Сөздің сан алуан қызметінің біріне – әлеуметтік функциясы жатады. Сөз қоғамдық ортадағы қолданыс ерекшелігіне қарай әлеуметтік сипат алады. Сөз әлеуметтік ортада қолданыс тауып қана қоймай, сол әлеуметтік ортаның әлеуетін көрсететін ерекшелігі де білдіреді. Бұл ерекшелік тілдік қолданыстағы орнитонимдік фразеологизмдердің мәдени семантикасынан көрінеді. Қоғамдық әлеуметтік өмірде, тұрмыстық мәдениетте, адамдардың әлеуметтік өмірін орнитонимдердің негізінде жасалған поэтикалық фразеологизмдер арқылы жеткізудің нәтижесінде паралельді әлемнің (адам-құс) өзара ұқсастықтарын көруге болады.

Этностың әлеуметтік өмірі мен «құс-адам» паралель әлемін бейнелейтін фразеологизмдерге: *қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* (бұла даланың бейбіт сүйгіш ән сүйгіш сайрауық құсы бозторғай саналады. Бозторғай – өлеңді өлкені, бейбіт өмірді сүйетін құс болғандықтан табиғатпен тамырлас халық өзінің бейбіт өмірінің бейнесін бозторғайдың болмысымен байланыстырған. Яғни, этнос дүниетанымындағы мамыражай өмірдің бейнесі қой үстіне бозторғайдың ұя салғанымен ассоциацияланады. Бейбіт өмірдің символы бозторғайдың еркін өмірімен бейнеленеді), *балапан басымен, тұрымтай тұсымен* (тура мағынасындағы балапан мен тұрымтайдың тыныш өмірі сыртқы күштердің әсерінен бұзылуы қатал табиғат заңы саналса, ауыспалы мағынада адам басындағы қиын қыстау кезеңді суреттеу үшін қолданылатын тіркес. Әркім жеке басын сауғалап, барар жер, басар тауы қалмаған шарасыз күйін бейнелейді. Адам басындағы аумалы-төкпелі кезең, құстардың басындағы жағдаятпен салыстырыла суреттеледі), *биті торғайдай, мойны ыргайдай* (бұл тіркестің лексика-семантикалық мазмұны мен поэтикалық көркем бейнесінен құс бейнесі мен адам бейнесін қатар көруге болады. Жүні жұлынған, жемсауында түгі жоқ жем іздеген аш құрсақ тозған

торғайдың көркем поэтикалық бейнесі арқылы адамның әлеуметтік мүшкіл хәлін қатар суреттейтін образды тіркес), *таз ашуын тырнадан алады* (әлдінің әлсізге, мықтының әлжуазға күш көрсетуі, қысым жасауы табиғаттың қатал заңы саналады. Құстарға тән мықтысының әлсізге қысым көрсетуі табиғаттың заңы ретінде саналса, адамдар арасындағы күштінің әлсізге, шендінің шенсізге, байдың жарлығы күш көрсетуі, құстардың өмірінен алынған әлеуметтік өмірдің ақиқат бейнесі саналады).

Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар ауыспалы мағынада қолданылып, құс бейнесі арқылы адамның қоршаған ортасы мен қоғамдық өмірін образды түрде суреттейді. Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін *ит пен құсқа жем болды* (әркімнің бодауында кетті); *құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады* (селбесу, бір біріне дем болу, серіктесу); *кімнің тарысы піссе соның тауығы болу* (өзіндік ұстанымы жоқ); *басынан құс ұшырмады* (жаманшылық көрсетпеу, бетіне ешкім тура келмеу яки басынан сөз асырмау); *басынан құсы кетті* (бағы таю); *Бақ құсы қонды* (теңін тапты, жолы болды); *құстан қанжығасы құрғамаған* (жолы болғыш саятшы); *Жүнін жүлған тырнадай* (азып тозу); *тозған қазды топтанған қарға жейді* (әлсізге әлдінің қысымы); *екі басты самұрық құс* (үлкен күш иесі); *жабы емеспіз тұлпармыз, құлады емес сұңқармыз* (екінің бірі емеспіз); *жаураған торғайдай болып* (күлазып, берекесі кету); *кез құйрықты лашын деп* (жаманды жақсыға, жабыны тұлпарға, қорқақты батырға, қарғаны бұлбұлға балау); *қарға қарғаның көзін шұқымайды* (бірін бірі сатпау) секілді орнитонимдік фраземалар әлеуметтік өмірде болатын «ықпалдасу, селбесу, жан бағу, басым болу, қысым көрсету, жақсылық, жамандық» секілді әлеуметтік бірліктердің мазмұнын бейнелеп, әлеуметтік сипат алады.

Ұлт тіліндегі құстарға қатысты жасалған фразеологизмдердің қолданысынан әлеуметтік өмір мен тұрмыстық қатынастарға негізделген тіркестердің біршама кездесетіндігін байқауға болады. Сондықтан әлеуметтік өмірдің көрсеткіші саналатын орнитонимдік фразеологизмдер ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы өзіндік орны бар болса, оларды этномәдени тұрғыдан талдау нәтижесінде этнос мәдениеті мен әлеуметтік өмірінің өрнегін көрсетуге мүмкіндік береді.

*Өлшем мәнді білдіретін фраземалар.* Аспан мен жердің, адам мен құстың арасы белгілі бір кеңістіктегі өлшем мен мөлшерге құрылған

табиғи алаң екендігі белгілі. Көк пен жерді байланыстырушы құстар болса, адамдар құстар арқылы екі әлемнің құбылыстарын когнитивтік санасында өзінше өлшеп, пішіп отырған. Тілдегі кейбір орнитонимдік фраземалар өлшемдік мәнде жұмсалады. Мәселен, *қасқалдақтың қанындай* (өлшемге келе бермейтін, нарқы мен парқы санауға болмайтын сансыз жоғары, тапшы да құнды зат болғандықтан, өлшемдіктің категориясына сыя бермейтін тілдік бірлік саналады); *қарға адым жер* (жақын жер, қол созым жер деген мағынада жұмсалғанымен контексте «қарға адым жер» «жақын да болса алыс, алыс та болса жақын» деген мәндегі коннотациясы басым мағынада жұмсалады); *қарға бойлы* (этнос дүниетанымында аласа бойлы немесе бәкене бойлы адамды қарғаның бойымен салыстыра суреттеу үрдісі қалыптасқан. Қарғаның аспанда жүргенінен жерде көп жүретіндігі этнос назарынан тыс қалмағандығы, аталған тіркестің қалыптасуына негіз болғандығын көрсетеді. Қазақы дүниетанымда «жерге жақын» адамды қарға бойымен салыстыру өлшемі көркем ойлаудан туған образды тіркес саналады); *құс қанаты талатын жер* («құстай ұшу» өте тез жылдамдықтың өлшемі саналса, сол құс екеш құстың қанаты талуы алыс қашықтықты білдіреді. Ұлт дүниетанымындағы алыстықтың өлшемі аспанда ұшқан құстың бір нүкте мен екінші нүктенің арасын бағындырудағы ойлау жүйесінің этникалық ерекшелігін көрсетеді); *торғай шырылдағанда* (көшпелі ұлт мәдениетінде таң азаншысы дала құстары яки түз құстары саналған. Таңның атқанын, күннің шыққанын торғайдың шырылынан, құстың сайрауынан ұғынып, уақыт пен кеңістіктің арасын өзінше бағамдау үрдісі көшпелі өркениетке тән болған. Көшпелі халық тауық (өтеш, қораз) секілді үй құстарын ұстамаған. Үй құстары өтештің азаншы болуы мен қораздың қоқиалауы отырықшы мәдениетпен тікелей байланысты саналады. Таң алдында, құс сайрағанда күнделікті үй тұрмысы мен шаруа қамына кірісу көшпелі елдің көшелі мәдениетінің көрсеткіші саналады); *жыл құсындай* (күн райының маусымдық мезгіліне қарай күн суытса жылы жаққа кетіп, күн жылы да қайта оралатын құстарға қарата айтылуымен қатар, жылдың басы, көктемнің келуі, күннің жылынуы, жақсылық мен жаңалықтың орнауы жыл құстарының оралуымен астасып беріледі. Жыл құсы жаңалықтың жаршысы ретінде саналады. Жыл құсының өлшемі жаңалық пен жақсылықпен ассоциацияланады).

Этностың өлшем мәнді түсінігі орнитонимдік фраземалар арқылы да жасалады. Ұлт өкілдері дүниенің әр алуан құбылыстарын қабылдауы мен бағамдауы, дүниенің әр алуан фрагменттерін өлшеп-пішуі табиғаттың жанды-жансыз заттарының негізінде жиі жасалады. «Этнос дүниетанымы мен тіліндегі ғалам бейнесі – адамның қоршаған әлемді тануының негізі. Әр ұлт ғаламды өзінше танып, өзінше пайымдайды. Демек, тіл бабаларымыздың санасында орныққан «ғалам бейнесін» қалпына келтіруімізге мүмкіндік береді, яғни тілімізде сақталған білім қоры, ғасырлар бойы жинақталып, қатталған танымдық ақпарат арқылы ата-бабаларымыз қалыптастырған «ғалам бейнесін» елестетеміз. Сондықтан адам дүниетанымының басты элементі – ғалам бейнесі деуге болады. Өйткені онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған» (Сүйеркүл, 2022: 84).

*Туыстық қатынасты білдіретін фраземалар.* Тілдегі орнитонимдік фраземалардың қолданысынан этноқауымдастық мәдениетіндегі туыстық пен жақындықты, отбасылық немесе үйелмендіктің көрінісін байқауға болады. Мәселен, *қарға тамырлы // қарға тамырлы қазақ* фраземасында бүтіндей ұлттың туыстығы мен тамырластығы, қазақ пен қазақтың қандастығы, бір қарыннан тараған қауым елдің «қарын бөлелікке» ұласқан біртұтастығы, топтасып жүруі бауырмалдықтың өлшемі ретінде танылады. Қазақ руханиятында қарғаға қатысты әр алуан жағымды-жағымсыз тілдік деректердің көптігі «қарғаның» адамға ұқсас бір басына жетерлік жақсы да жаман қасиетіне байланысты қолданылады. «Қарға тамырлы қазақ» тіркесі туыстық, бауырмалдық, біртұтастық деген мәнде жұмсала келе, бүтіннің бөлінбеуіне, бөлшектің бүтіндігіне қызмет етеді. Құс қанаты талатын қазақ даласын қарғасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан тілдік қолданыста қарға мен қазақтың қатар аталуы табиғи құбылыс. Қарға мен қазақтың қатар қолданысы табиғи мекені мен климаттық белдеудегі тіршілігінің ортақтығы, қарғаның тілдегі қолданысы мен ойдағы ассоциациялануы заңдылық саналады. «Қарға мен қазақтың тамырластығы» *қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым* деген тіркестермен ұласуы қимас көңілдің, өкшелес бауырдың, қаумалаған ағайынның, өрісі бөлек болғанмен, тумысы бір екендігін көрсетеді. Тілдік қолданыста «қарға» сөзі яки морфемасы арқылы жасалған *қарғам, қарғатай, қарғатайым, қарғашым, қарғам-ау, қарғаш-ау, қарғам-ай, қарағым* секілді қаратпа

сөздер жиі қолданылады. Аталған қаратпа мәнді қолданыстардың ішкі семантикалық иірімінен сүйіспеншілік пен мейірімді білдіретін жағымды эмоциялы қаратпа сөздер саналады. Ал «қарға» сөзі негіз болған фраземалар мен поэтизмдердің этимон түбірінің (*қар+ға+ын+дас // қара тарту // қараю // қара басу // қары сыну*) түбі – бір түбірден тарайтындығы этимология ғылымында қарастырылып жүргендігі белгілі. Сондай-ақ *қаздың балапанындай // үйректің балапанындай* деген тіркестерде «бір үйдің баласындай, бес қолдың саласындай, ошақтың үш бұтындай» секілді ұйымшылдық, үйелмендік, біртұтастық секілді мағынада жұмсалады. Яғни, туыстық қатынасты білдіретін фраземалар этнос дүниетанымындағы құстар өмірі мен адамзат тұрмысының ұқсастығы, табиғи ортақтықты, уақыт пен кеңістіктің бірлігін, аспан пен жердің сабақтастығын, табиғат жаратылысының өзара ықпалдастығы мен бірлестігін көрсетеді.

*Дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар.* Этностың табиғатпен етене жақындығы ұлт мәдениетіндегі рухани категориялармен сабақтасып кеткендігінен көруге болады. Тілдегі кейбір әдет-ғұрыптар мен стеротиптер құс атаулары арқылы жасалып, ұлт мәдениетінің дүниетанымдық ерекшелігін көрсетеді. Этнос мәдениетіндегі *үкі тағу // үкі тақты* тіркестері ұлттық дәстүрмен тікелей байланысты. Үкі – қазақ дүниетанымында қасиетті де киелі құс. Үкі тағу тіркесі тікелей тура мағынасы арқылы, дәстүрлі мәдениетті білдіреді. «Қазақ үкінің қанат-жүнін қасиеттеп, оны киелі дүние санаған, сол үшін қыздардың тақия бөркіне, балалардың көйлек, камзолына қадап, жас баланың бесігіне байлап қоятын болған. Бұл жерде сол «үкілі тақия, бөрік» мағынасында айтылып отыр. Өйткені оң жақта отырған қыз енді үкілі тақиясын тастап, еріксіз сәукеле киеді, бұрын көріп, білмеген жат жұртқа келін болып түседі, міне, ұзатылғалы отырған қыздың үкі-ау деп қайта-қайта айтып, қайталауының бір мәнісі сол (Уахатова, 2004: 194). Сонымен қатар үкі киелі құс ретінде бағаланып, этнос дүниетанымында сакральды мәні басым саналады. Бұл ерекшелігі турасында Ф. Ақпанбек: «Қазақ қыздарының тақиясына тағынатын үкі қауырсыны аспан – көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі болып шығады. Ал әшекейге үкі қауырсынын қолданудың өзіндік себебі бар. Таңдай өрнекті сарғылт түсті үкі қауырсыны қарағанда жағымды әсер етеді. Сонымен қоса, үлпілдеген үкіде үлбіреген кескінге әр беріп, сымбаттандыра түсетін ерекше өркендік қасиет

бар. Үкінің қарағанда көретін жітілігі, дыбыс шығармай ұшуы, басқа құстардан ерекшелігі де, оны қасиетті деп есептеуге себеп болса керек» (Ақпанбек, 2013: 32). Этностың орнитонимдермен тығыз байланысы тілдегі тіркестердегі қолданысымен қатар, дәстүрлі мәдениетіндегі әдет-ғұрыптарынан орын алуы «этнос-құс-табиғат» триадасының табиғи сабақтастығын көрсетеді. Мәселен, тілдегі *құс қайырлы (құсын құтты) болсын!* (екеуара бас құраған, отасқан жұптарға, ер азаматқа қарата айтылатын тілек мағынасындағы тіркес. Қолына құсын қондыру үйлену, үй болу, жаңа отау тігу, жас шаңырақ болғандықтан, көптің шынайы көңілден айта-тын бата-тілек сөзі саналады); *бақ құсы қонсын!* (Бұл тіркестің мәнісі әлі бас құрамаған, алайда ниет етіп жүрген жастарға жұбынды адаспай тап деген мағынада қолданылатын ниеттес мәнді білдіретін тіркес); *ит-құс жегірі! // ит құсқа жем болсын (ды)* (ызалы жүректен, назалы көңілден, ащы тілден туған туған қарғыс мәнді сөз. «Қызғанғаның қызыл итке жем болсын!» деген қам көңіл ниеттен шыққан ызалы сөз. Қазақ дүниетанымында ит пен құс бермесінді тартып алатын, «берсең қолыңнан бермесең жолыңнан» жұлып алатын қасиетінен қорқады. Бірақ этнос өкілдері ит пен құстан қаншалықты қорыққанымен, оларды соншалықты құрметтеген. Ит пен құстың осындай «озбырлығын» этнос дүниетанымында өзара туған қарама-қайшылықтарда қимасынды «ит пен құсқа жем болсын» деген наразы көңілден туған ызалы сөз саналады); *қолымызға қарға тышар* (ауызекі тілде қолданылатын дүние алма кезек, уақыт өтпелі, дүние көшпелі, өмір айнымалы дегенді еске салу үшін кекесін мәнде қолданылатын қам көңілден шыққан сөз. Бүгін сенде бар менде жоқ дүние ертең керісінше болуы ықтимал дегенді білдіретін мағынада жұмсалады); *тұғырынан тайды* (тура мағынасында бүркіттің қонақтап отыратын орын ағашы саналады. Қыранның бабы мен бағы келіскен уақытта тұғырында отыруы сән мен салтанатты, мықтылық пен күштіліктің белгісі саналады. Ал ауыспалы мағынада күні жетіп уақыты өткенде бойдағы күші кеміп, қайраты семіп, қолынан билігі кеткен, сөзі өтімсіз, жүрісі мардымсыз деген контексте жұмсалады); *тұғыр жабар* (бұл тіркес қазақ мәдениетіндегі ерекше бір дәстүрлердің нышаны саналады. Этнос мәдениетінде бермесінді беруге, қимасынды қиюға тура келетін ықтиярсыз көнетін кездер болады. Тұғыр жабу тура мағынасында қыраның көзі түскен көңілі ауған адам қаласа, сол кісінің

көңілін қимас үшін қыранды беруге тура келеді. Ал ол кісінің өз тарапынан қыранның орнына қарымтасы ретінде қайыратын кәде сыйы «тұғыр жабу» деп аталады).

Тілдегі жалпы орнитонимдік фразеологизмдер – этностың табиғатпен тамырластығын, құстармен етене жақындығын, өмір сүру салты мен тұрмыстық өмірін, географиялық жер жағдайын, дүниетанымдық ерекшелігін тіркестер коннотациясынан, стилистикалық сипаты жағынан сан алуан мәнді ассоциацияны тудырып, ойлау процесі заңдылықтарының нәтижесінде алуан түрлі ауыспалы мағыналық қолданысқа ие болады.

Ұлт тіліндегі орнитонимдік фраземалардың этномәдени семантикасын зерделеу арқылы этноқауымдастық өкілдерінің мәдениеті мен менталитетін, тарихи баяны мен этнографиясын, мифтік әпсаналар мен тарихи аңыздарын, әлеуметтік-тұрмыстық өмірі мен психологиялық ерекшеліктерін, дүниетанымды мен ойжүлгесін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Орнитонимдер тірек болған фразеологизмдердің этномәдени семантикасы мен прагматикалық қолданысынан адам баласының болмысы, жақсы-жаман мінезі, әралуан іс-әрекеттері, дүние құбылыстарына қатысты сыни көзқарастары тура және ауыспалы мағыналар арқылы беріліп, паралельді қолданыстар арқылы дискурста түсуі «тіл-адам-табиғат», «тіл-құс-адам» триадаларының сабақтастығы тілдің өміршендік (кумулятивтік) қызметінің көрсеткіші саналады.

### Қорытынды

Құстарға қатысты фраземалардың мағыналық қолданысының астарында этностың аялық білімінің элементтері, адам санасындағы ақиқат әлемнің алуан түрлі құбылыстарының ассоциациясы поэтикалық образды түрде беріледі. Орнитонимдік фразеологизмдердің қалыптасуы мен қолданысы көптеген дүниетанымдық деректердің этномаркерлі бейнесінің қайнар көзі саналады. Орнитонимдік фраземалардың тілтанымдық табиғатынан этностың рухани және заттық мәдениетін, дүниетанымды мен ойлау жүйесін, салт-дәстүрі мен наным-сеніміне

қатысты ақпараттар шоғыры жинақталғанын байқауға болады.

Сонымен жоғарыда айтылған ой-пікірлерді, талдау-талқылауларды қорыта келе, орнитонимдік фразеологизмдерді антропоцентристік парадигма аясында зерттеудің нәтижесінде мынадай ой-қорытулар жасауға болады:

– қазақ тіліндегі орнитонимдік фразеологизмдер – этностың тарихын, адам болмысын, мәдениетін, менталитетін, дүниеге көзқарасын және т.б. поэтикалық образды түрде бейнелейді;

– орнитонимдік фразеологизмдердің семантикалық астары мен мағыналық қолданысында тіл мен этностың, тіл мен мәдениеттің, адам мен құстың, адам мен табиғаттың өзара бірінен бірін ажыратуға келмейтін сабақтастығы көрініс табады;

– орнитонимдік фразеологизмдерге жасалған талдаулар нәтижесінен этностың құстар әлемі туралы түсініктерін, поэтикалық образды ойлау жүйесін, тура және ауыспалы мағыналардың жарыса қолданысын, құс пен адамды салыстырудағы паралельді бейнелі-ассоциациясының лингвомәдени мазмұны беріледі;

– орнитонимдік фразеологизмдердің тақырыптық-мағыналық топтастырылуы адам болмысына, дүниетанымдық әлеміне, әлеуметтік өміріне, туыстық қатынасына, дәстүрлі мәдениетіне қатысты этномәдени семантикасы айқындалады;

– тілдегі орнитонимдік фразеологизмдердің этномәдени семантикасынан этностың когнитивтік санасындағы құстар әлемі туралы аксиологиялық көзқарасы мен коннотативтік бағамдауы ғаламның орнитонимдік бейнесін сипаттап, этностың ғасырлар бойғы мақұлқат (құстар) әлемі жайлы көзқарасы рухани құндылықтар жүйесі екендігін көрсетеді.

*Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары мен қызметкерлерінің ғылыми жобаларының Ректор гранты «Орта мектептерде поэтикалық мәтіндерді кешенді талдаудың ғылыми әдіснамалық негіздері» атты шағын ынталандыру жобасының аясында әзірленді.*

Әдебиеттер

- Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2013. – 246 б.
- Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 56 б.
- Бектемирова С.Б. Қазақ тіліндегі киноморфизмдер: фил. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2005. – 121 б.
- Дыбо А.В., Никуленко Е.В. Зооморфная метафора «медведь» в русском, английском и языках Южной Сибири // Язык и культура. – 2019. – № 45 – С. 75-95.
- Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
- Kalimbetov B.I., Iskenderova S.B. National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language // EPRA International Journal of Multidisciplinary Research (IJMR). – 2023. – Vol. 9. Iss.12. – P. 240-248. <https://doi.org/10.36713/epra15195>
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. III том: Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 304 б.
- Makhmudova N.R. Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages // Проблема наук. – 2020. – № 2(147). – P. 43-45. [Электронды ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semantic-features-of-phraseological-units-with-a-component-ornithonym-in-english-and-uzbek-languages>: (Пайдаланылған күні: 03.01.2024)
- Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 198 б.
- Сүйеркүл Б.М., Қыдырбаев Қ.А. «Тәржұмандағы» құс атаулары және олардың прагматикалық ерекшеліктері // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2022. – № 4(126). – Б. 79-91. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.07>
- Sakhibullina K.A., Andreeva Y.A., Nazmieva E.I., Mefodeva M.A. «Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations» // Russian Linguistic Bulletin. – 2013. – №1(37). – P. 1- 4. [Электронды ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/phraseological-units-with-the-ornithonym-component-in-social-networks-and-their-variations>: (Пайдаланылған күні: 08.01.2024)
- Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов // Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. – Москва, 2003. – 308 с.
- Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
- Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 2004. – 288 б.
- Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2009. – 128 б.
- Usmonova, M., Kurbanova M. (2022) Linguocultural features of ornithonyms in proverbs [Электронды ресурс]. – URL: <https://papers.econferenceglobe.com/index.php/ecg/article/view/719> (Пайдаланылған күні: 08.01.2024).

References

- Avakova, R.A. (2013). Frazeosemantika [Phraseosemantics]. Almaty. Qazaq universiteti baspasy. (in Kazakh)
- Akpanbek, G. (2013). Qazaqtardy`ñ dunietyany`my` [Worldview of Kazakhs]. Almaty. Qazaq universiteti baspasy. (in Kazakh)
- Bektemirova, S.B. (2005). Qazaq tilindegi kinomorfizmder [Kinomorphisms in the Kazakh language]. Fil. gy`l. kand. diss. ...qoljazbasy` [dissertation ... on philological sciences]. Almaty: Al-Farabi QazUU. (in Kazakh)
- Dybo, A.V., Nikulenko, E.V. (2019). Zoomorfnaya metafora «medved`» v russkom, anglijskom i yazy`kah Yuzhnoj Sibiri [Zoomorphic metaphor “bear” in Russian, English and languages of Southern Siberia]. Yazy`k i kul`tura [Language and Culture]. Vol. 45, P. 75-95. (in Russian)
- Kalimbetov, B.I., Iskenderova, S.B. (2023). National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language. EPRA International Journal of Multidisciplinary Research (IJMR), Vol. 9 Iss. 12, 240-248. <https://doi.org/10.36713/epra15195>
- Kenesbaev, I. (2007). Qazaq tiliniñ frazeologiyalyq sózdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty. KazAkparat baspasy. (in Kazakh)
- Makhmudova, N.R. (2020). Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages. Problema nauk [The problem of sciences]. Vol. 2(147), P. 43-45. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semantic-features-of-phraseological-units-with-a-component-ornithonym-in-english-and-uzbek-languages>: (Date of use: 03.01.2024)
- Qaidar, A. (2013). Qazaqtar ana tili áleminde: etnolingvistikalı`q sózdik. III tom. Tabigat [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. Volume III. Nature]. Almaty. Sardar baspasy. (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2011). Qazaq tiliniñ ózekti máseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili baspasy. (in Kazakh)
- Smagulova, G.N. (2018). Magy`nalas frazeologizmderdiñ ultty`q mádeni aspektileri [National cultural aspect of semantic phraseology]. Almaty. Gylym baspasy. (in Kazakh)
- Suerkul, B.M., Kydyrbaev, K.A. (2022). «Táržumandagy`» kus ataulary` žәне olardy`ñ pragmatikalı`q erekшелikleri [Bird names in “tuzhuman” and their pragmatic features]. Yassau universitetiniñ habarshy`sy` [Bulletin of Yassawi University], №4(126), P. 79-91. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.07>. (in Kazakh)
- Sakhibullina, K.A., Andreeva, Y.A., Nazmieva, E.I., Mefodeva, M.A. (2013). Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations. Russian Linguistic Bulletin, Vol.1(37), P. 1-4. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/phraseological-units-with-the-ornithonym-component-in-social-networks-and-their-variations>: (Date of use: 08.01.2024)

Teliya, V.N. (2003). Kul'turno-naczional'nye konnotaczii frazeologizmov [Cultural and national connotations of phraseological units]. Slavyanskoe yazykoznanie. III mezhdunarodnyj s'ezd slavistov [Slavic linguistics. XI International Congress of Slavists]. Moscow. (in Russian)

Tileuberdiev, B.M. (2007). Qazaq onomastikasy'ny'ñ lingvokonceptologiyaly'q negizderi [Linguoconceptological foundations of Kazakh onomastics]. Almaty. Arys baspasy. (in Kazakh)

Uahatov, B. (2004). Qazaqtyng halyq olenderi [Kazakh folk poems]. Almaty. Gylym baspasy. (in Kazakh)

Ualiuly, N. (2009). Frazeologiya žәне tildik norma [Phraseology and language norm]. Almaty. Respublikalyk baspa kabinetі baspasy. (in Kazakh)

Usmonova, M. (2022) Lingucultural features of ornitonyms in proverbs. [Electronic resource]. URL: <https://papers.econferenceglobe.com/index.php/ecg/article/download/719/712> (Date of use: 08.01.2024).

**Авторлар туралы мәлімет:**

Жиренов Саян (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, \*e-mail: [saken82@mail.ru](mailto:saken82@mail.ru));

Аширов Жанибек Сатыбалдыевич – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: [zh.ashirov@abaiuniversity.edu.kz](mailto:zh.ashirov@abaiuniversity.edu.kz)).

Келіп түсті: 24 қаңтар 2024 ж.

Қабылданды: 20 мамыр 2024 ж.